Диссертациялық жұмысты жоспарлау және өткізу

# Дәріс 3

# Әдеби шолу: дереккөздерді іздеу және талдау әдістері

PhD, доцент

Мусагалиева А.Н.



# Дәріс жоспары

- Әдеби шолудың ғылыми мәні мен мақсаттары
- Ғылыми дереккөздердің түрлері және оларды іздеу әдістері.
- Дереккөздерді сұрыптау және сапасын бағалау критерийлері
- Ғылыми еңбектерді талдау және research gap анықтау тәсілдері
- Әдеби шолудың құрылымы мен жазу логикасы

# Мақсаты

Магистранттарға ғылыми әдебиеттерді жүйелі түрде іздеу, сұрыптау, бағалау және талдау әдістерін үйрету; зерттеу тақырыбына қатысты негізгі бағыттарды анықтау, research gap табу, диссертацияның теориялық базасын қалыптастыру.

# Әдеби шолудың ғылыми мәні



Әдеби шолу – белгілі тақырып бойынша бұрын жүргізілген зерттеулердің толық, жүйелі және сыни талдауы.
Оның басты міндеті – зерттеудің ғылыми контексін қалыптастыру.
Әдеби шолу зерттеу тақырыбының зерттелу деңгейін, шешілмеген мәселелерді, теориялық қайшылықтарды анықтауға көмектеседі.
Бұл бөлім – диссертацияның фундаменталды негізі, яғни зерттеу неге жасалуы керегін дәлелдейтін бөлім.



# Әдеби шолу не үшін қажет?

- Алдыңғы зерттеулерді қайталамау
- Зерттеу сұрақтары мен гипотезаларды дәл қалыптастыру
- Әдістер мен тәсілдерді таңдау
- Research gap анықтау
- Зерттеудің қажеттілігін дәлелдеу
- Зерттеу бағытын дұрыс анықтау

# Ғылыми дереккөздердің негізгі түрлері

**Негізгі ғылыми дереккөздер:**

- Рецензияланған мақалалар (Scopus, Web of Science)
- Монографиялар және ғылыми кітаптар
- Жоғары оқу орындарының диссертациялары
- Халықаралық ұйымдардың ресми есептері (UNEP, FAO, OECD, UNDP)
- Статистикалық бюллетеньдер (БҰҰ, ҚР ҰСБ, World Bank Data)

**Екінші дәрежелі дереккөздер:**

- Конференция материалдары
- Электрондық білім беру платформалары
- Ғылыми блогтар, аналитикалық шолулар (ақпарат көзі ретінде, бірақ негізгі ретінде емес)

# Ғылыми дереккөздердің сапасын бағалау

- Мақаланың цитаталар саны
- Зерттеу әдістемесінің нақтылығы
- Деректердің шынайылығы мен қайнар көзі
- Автордың ғылыми беделі, еңбек сіңірген саласы
- Жарияланымның жаңалығы (5 жылдан аспауы ұсынылады)
- Журналдың импакт-факторы, квартилі (Q1–Q4)

# Ғылыми базалармен жұмыс

| Scopus / Web of Science | Google Scholar | Research Gate | KazNEB, ҰҒТДБ | UN Data, FAOSTAT |
|---|---|---|---|---|
| Тек рецензияланған, сапалы ғылыми мақалалар кіреді.Әр журналдың квартилі (Q1–Q4), импакт-фактор көрсетіледі. | Көлемі өте үлкен, барлық салаларды қамтиды.Ашық қолжетімді көптеген PDF мақалалар.Жаңа мақалаларды жылдам табуға болады. | Авторлар өз мақалаларын тікелей жүктейді. Жаңа мақалалар мен препринттер алғаш осы жерде пайда болады. Авторға сұрақ қоюға болады – өте пайдалы. Зерттеу саласы бойынша қауымдастықтар бар. | Қазақстандық диссертациялар, кітаптар, монографиялар, ғылыми журналдар. Жергілікті контекст қажет болғанда  негізгі дереккөз. Мемлекеттік есептер, статистикалық жинақтар. | Халық саны, экономика, экология, әлеуметтік көрсеткіштер.Жаһандық салыстырмалы деректер. Қазақстан бойынша ресми статистика да бар. |

# Әдебиеттерді іріктеу алгоритмі

Жүздеген мақалаларды қарау

30–40 мақаланы алдын ала іріктеу

15–20 негізгі мақаланы терең талдау

Тақырыптық бағыттарды жүйелеу

Зерттеудің теориялық моделін қалыптастыру

# Әдеби шолудың құрылымы



- Алдыңғы зерттеулердің жүйелі талдауы.
- Авторлар арасындағы көзқарас айырмашылықтары.
- Шешілмеген мәселелерді анықтау.
- Research gap және диссертация мақсаты.
- Тақырыптың жалпы концептуалды негізі.
- Қорытынды және теориялық негіздеме.

# Жиі кездесетін қателер

- Авторларды жай тізімдеу (талдау жоқ).
- Ескірген дереккөздерге сүйену (2000–2010 ж.)
- Дәлелсіз жалпылама сөйлемдер
- Research gap көрсетілмеген
- Пайдаланылған әдебиетке дұрыс сілтеме жасалмаған

# Дұрыс әдеби шолудың белгілері

Жүйелілік, логикалық байланыс, сыни талдау

Теориялық және практикалық аспектілер ұштасқан

Авторлардың көзқарастары салыстырылған





# Бақылау сұрақтары

- Дереккөздерді іріктеу критерийлері қандай?
- Research gap қалай анықталады?
- Әдеби шолудың логикалық құрылымы қандай?
- Әдеби шолудың негізгі мақсаты қандай?
- Жиі жасалатын қателерді атаңыз.

# Әдебиет тізімі






1. Әбдіғаппарова, Қ. У., Смағұлова, Ш. Қ.
Ғылыми зерттеу әдістемесі : оқу құралы. – Алматы : Қазақ университеті, 2016. – 240 б.

2. Нұрғалиева, Г. Қ., Кәрімбаева, Б. Ж.
Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдістемесі. – Астана : Фолиант, 2018. – 344 б.

3. Тілеубергенова, С.
Ғылыми жұмыс пен диссертация жазу негіздері. – Алматы : Дәуір, 2020. – 216 б.

4. Жақыпбекова, З. Ә., Нұрпейісова, А.
Статистика негіздері : оқу құралы. – Алматы : ЭКО, 2019. – 280 б.

5. Әбдірайымова, Г.
Социологиялық зерттеу әдістері. – Алматы : Қазақ университеті, 2017. – 300 б.

6. Айтмағанбетов, Т.
Қолданбалы статистика : оқу құралы. – Алматы : Білім, 2021. – 256 б.






# Назарларыңызға рақмет!

Мусагалиева Айжан Ниазбековна

+7 747 387 87 85

aizhan.mussagaliyeva@kaznu.edu.kz